Бекітемін

№8 «Күншуақ» бөбекжай

Ж.А.Саутбекова

«28» 08 2025ж

Кіші «Бөбек» тобының 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Өткізу түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Отбасы мен балабақша ынтамақтастығы»<br><br>«Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмысы сізді қанағаттандырама?» | Қыркүйек | № 1<br>Ата-аналар жиналысы.<br><br>Сауалнама | Ә. Айтнурова |
| 2 | «Аяулы күз, алтын күз»<br><br>«Күз сыйы» | Қыркүйек | Ертеңгілік<br><br>Көрме | А. Жантинова<br><br>Ә. Айтнурова |
| 3 | «Тұмаудың алдын алу шаралары» | Қазан | Кеңес | А. Жантинова<br><br>Медбике |
| 4 | «Отбасы-тәрбие бастауы»<br><br>«Ғажайып жаңа жыл 2024» | Желтоқсан | № 2<br>Ата-аналар жиналысы.<br><br>Ертеңгілік | А. Жантинова<br><br>Ә. Айтнурова |
| 5 | «Баланың балабақшаға бейімделу үрдісі» | Ақпан | Сауалнама | Ә. Айтнурова |
| 6 | «Аналар-асыл қазынам» және «Ұлыстың ұлы күні»<br><br>«Әжелер мектебі» | Наурыз | Ертеңгілік<br><br>Ертегі | А. Жантинова<br>Ә. Айтнурова |
| 7 | "Көктем келді жадырап" | Сәуір | Балабақша ауласын көгалдандыру | А. Жантинова |
| 8 | «Жыл бойы үйренгендерімен бөлісу!» | Мамыр | № 3<br>Ата-аналар жиналысы. | А. Жантинова<br>Ә. Айтнурова |

Күні:15 қыркүйек 2026 жыл
Қатысқандар: 18 ата-ана
Қатыспағандар: 2 ата-ана

**Тақырыбы:** «Отбасы мен балабақша ынтамақтастығы»

**Мақсаты:**

1)Ата-аналар мен балабақша арасындағы қарым- қатынасты нығайту, бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауы, тәрбиешімен дұрыс қарым-қатынаста болу.

2)Ата-ананы бірлесе отыра жұмыс істеуге шақыру, алда тұрған міндеттерді бірге орындап шешу.

**Алдын – ала жүргізілген жұмыстар:**

1.Жиналыстың уақытын белгілеу

2. Әр ата-анаға WhatsApp желісі арқылы шақыру билеттерін дайындап жіберу.

Ата – аналар комитетінің
Төрайымы: Ә.Айтнурова

Ата – аналар комитетінің
Хатшысы: Д. Елюсизова

Ата – аналар комитетінің
Көмекшісі: А.Нургисаева

**Күн тәртібінде**

1. «Біз жайлы мәлімет» танысу тренингі
«Үш түрлі әдіс» жаттығуы
Жауапты: Ә.Айтнурова
2. Балабақшаның күн тәртібімен танысу.
Жауапты: Ә. Айтнурова
3. «Ассоциация жаттығуы»
Жауапты: Ә. Айтнурова
4.Сауалнама «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмысы сізді қанағаттандырама?»
Жауапты: Ә.Айтнурова
5. «Алтын күз» мерекесі жайлы ақылдасу

Жауапты: Ә.Айтнурова
6. Ата-аналар комитетін сайлау.
Жауапты: Ә.Айтнурова
7.Қорытынды
Жауапты: Ә.Айтнурова
8.Әр түрлі мәселелер
Жауапты: Ә.Айтнурова

**1.Тыңдалды:** Бірінші сұрақ бойынша тәрбиеші: Айтнурова Ә. сөз алды. Бүгінгі сіздерді жинап отырған себебіміз сіздермен жақынырақ танысу,балалардың жас ерекшеліктеріне сай тәрбие мен оқыту мазмұнымен таныстыру,сонымен қатар сіздерді де,біздерді де мазалап жатқан сұрақтарға жауап табу, бірлесе отырып шешу.

Бүгінгі біздің жиналысымыздың тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтамақтастығы».
Жиналысты бастамас бұрын шаттық шеңберіне тұрып, сіздермен жақынырақ танысып алайық.
**«Біз жайлы мәлімет » танысу тренингі**
Ата - аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Біз сіздермен кездескенімізге өте қуаныштымыз. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек.
**Танысу:** Нұсқау: Ең бірінші өз есімдеріңізді айтып, балаңыз және өзіңіз бірдей жақсы көретін зат жайлы айту.

**«Қызықты сұрақтар»**
1. Балаңыздың сүйікті түсі?
2. Қандай жануарды жақсы көреді?
3. Балаңызды қалай еркелетесіз?
4. Балаңыздың сүйікті тағамы?
Екінші сұрағымызға көшейік:
Жауапты: Ә.Айтнурова

**2. Тыңдалды: Балабақшаның күн тәртібімен танысу.**
Екінші сұрақ бойынша тәрбиеші Ә.Айтнурова сөз алды. Жаңадан келген ата-аналармен танысып, жаңа оқу жылына дайын екендігін айтып өтті. Сонымен қатар жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеті айтылды.
Жауапты: Ә.Айтнурова
**3. «Ассоциация жаттығуы»**

**4. Тыңдалды: Сауалнама «**Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмысы сізді қанағаттандырама?»

Тәрбиеші: Айтнурова Ә. сіздерден сауалнамаға жауап беруіңізді сұраймын. Аты - жөніңізді жазу міндетті емес. Дұрыс жауапқа «ия» немесе «жоқ» деп жауап бересіз.

Жауапты: Ә.Айтнурова

**5.Тыңдалды: «Алтын күз» мерекесі жайлы ақылдасу.**

Төртінші сұрақ бойынша тәрбиеші: Айтнурова Ә. сөз алды «Алтын күз» ертеңгілігіне балалардың киетін киімдері жайлы талқыланды. Балалардың орындайтын әндері, билейтін билері жайлы алдын-ала айтылып, ескертілді.

Жауапты: Ә.Айтнурова

**6. Тыңдалды: Ата-аналар комитетін сайлау.**

Ата –аналармен өзара келісіп, ата-аналар комитетін сайлауы туралы шешімді қабылдады.

Жауапты: Ә.Айтнурова

**7. Тыңдалды: Қорытынды.**

Тәрбиеші: Айтнурова Ә. сөз алды.

Ата-анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі,
Көңіліне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой-өлкесі,- *д*еп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы – тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайық: «Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге қаратпасын десең, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер» — деп ата-бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен балабақша өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз.

Ата- ана Нурболатова Г. сөз алып, осы жиналыстан алған әсерімен бөлісіп, жаңа оқу жылымен құттықтап тілегін айтып өтті.

Жауапты: Ә.Айтнурова

**8. Тыңдалды:Әр түрлі мәселелер** бойынша тәрбиеші ата-аналармен келісе отырып,ортаға қойылған мәселелер туралы шешімін шешу.

орындалса, балабақша балаларға өте тиімді орын екенін айтып өтті. Сондықтан тәрбиешілермен тығыз байланыста болып оларға қолдарынан келгенше көмек беретінін айтты.

Жауапты: Ә.Айтнурова

**Шешімі:**

Екінші сұрақ бойынша ата-аналар күн тәртібін сақтауға келісім берді. Балабақшаның гигиеналық талаптарын орындап, оқу тәрбие жұмыстарына демеушілік әрекеттер жасасын.

Бесінші сұрақ бойынша «Алтын күз» ертеңгілігіне балалардың киетін киімдері жайлы шешім қабылданды.

Алтыншы сұрақ бойынша ата-ана комитеті болып Д. Елюсизова сайланды , сегізінші сұрақ бойынша әр түрлі мәселелердің шешімі шешілді. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетіне керекті оқу құралдарын әкелуге келісімдерін берді.

Ата – аналар комитетінің<br>Төрайымы: Ә.Айтнурова

Ата – аналар комитетінің<br>Хатшысы: Д. Елюсизова

Ата – аналар комитетінің<br>Көмекшісі: А.Нургисаева

Күні: 21 желтоқсан 2023 жыл
Қатысқандар: 6 ата-ана
Қатыспағандар: 16 ата-ана

**Тақырыбы:** «Отбасы - тәрбиенің алтын бесігі»

**Мақсаты:**

1)Ата-аналар мен балабақша арасындағы қарым- қатынасты нығайту, бала өмірінің қауіпсіздігін сақтауы, тәрбиешімен дұрыс қарым-қатынаста болу.

2)Ата-ананы бірлесе отыра жұмыс істеуге шақыру, алда тұрған міндеттерді бірге орындап шешу.

**Алдын – ала жүргізілген жұмыстар:**

1. Онлаин жиналысының күні мен уақытын белгілеу.

2. Ата-аналарға WhatsApp желісі арқылы шақыру билетін дайындап жіберу.

Ата – аналар комитетінің
Төрайымы: Ә.Айтнурова

Ата – аналар комитетінің
Хатшысы: А.Кабулова

Ата – аналар комитетінің
Көмекшісі: Д.Сеилгазинова

**Күн тәртібінде**

1. «Ата-анадан бізге тілек» тренингі
Жауапты: Ә.Айтнурова
2. «Менің балам қандай» жаттығуы
Жауапты: Ә. Айтнурова
3. Іскерлік ойын: «Ата-анамен тәрбиешінің өзара тілдесуі»
Жауапты: Ә. Айтнурова
4. «Жаңа жыл» мерекесі жайлы ақылдасу
Жауапты: Ә. Айтнурова
5. Әр түрлі мәселелер
Жауапты: Ә. Айтнурова

**1.Тыңдалды:** Бірінші сұрақ бойынша тәрбиеші: Айтнурова Ә. сөз алды. Бүгінгі сіздерді жинап отырған себебіміз сіздермен жаңа жыл мерекесіне орай ертеңгілік жайлы ақылдасу,ата-анамен тәрбиеші арасындағы қарым-

сұрақтарға жауап табу, бірлесе отырып шешу.Бүгінгі біздің жиналысымыздың тақырыбы: «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі». Жиналысты бастамас бұрын сіздермен сәлемдесу жаттығуын жасап алайық.

**«Ата-анадан бізге тілек » тренингі**

Жүректен шыққан жылы сөз жүрекке жол табады, демекші жылы сөз адамды достастырады, сабырлы болуға, көңіл-күйін көтеруге септігін тигізеді. Олай болса бір-бірімізге тілек тілейік.

Нұсқау: Кезек бойынша тілектер айтып шығу.
Жауапты: Ә.Айтнурова
**2. Тыңдалды:** «Менің балам қандай» жаттығуы
Нұсқау: Балалар есімінің ең бірінші әріпіне өз баласын сипаттап айту.
Жауапты: Ә.Айтнурова
**3. Тыңдалды:** Іскерлік ойын. «Ата-анамен тәрбиешінің өзара тілдесуі» «Ситуацияларды шешу». Анасы кемшілік жасайды, тәрбиеші осы жағдайдан шығу жолдарын іздейді ситуациясын шешу. Сұрақтар қою. Егерде тәрбиеші ата-ананы көндіре алмайтын жағдайда болса не істеу керек? Ата-аналармен тәрбиеші арасындағы қарым-қатынасты нығайту барысында, тәрбиеші,ата-ана сөздерінің бас әріптерінен ата-аналар мен тәрбиешілер қандай болу керектігін бейнелеп айту.
Жауапты: Ә.Айтнурова
**4.Тыңдалды: «Жаңа жыл» мерекесі жайлы ақылдасу.**

Төртінші сұрақ бойынша тәрбиеші: Айтнурова Ә. сөз алды «Жаңа жыл» ертеңгілігіне балалардың киетін киімдері жайлы айтылды. Балалардың орындайтын әндері, билейтін билері жайлы алдын-ала айтылып, ескертілді.

Жауапты: Ә.Айтнурова
**5.Тыңдалды:Әр түрлі мәселелер** бойынша тәрбиеші ата-аналармен келісе отырып,ортаға қойылған мәселелер туралы шешімін шешу.

**Қорытынды.**
Тәрбиеші: Айтнурова Ә. сөз алды.
Ата-анаға көз қуаныш,
Алдына алған еркесі,
Көңіліне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой-өлкесі,- *д*еп Абай атамыз ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы – тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Сондықтан да мына жайттарды есімізге ұстайық: «Отбасында берілген тәрбие жігеріңді құм қылып, жерге

бабамыз айтқандай, бала тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді, саналы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата-ана мен балабақша өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздары жан-жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз.
Жауапты: Ә.Айтнурова

**Шешімі:**
Төртінші сұрақ бойынша «Жаңа жыл» ертеңгілігіне балалардың киетін киімдері жайлы шешім қабылданды.

Бесінші сұрақ бойынша балабақшаның гигиеналық талаптарын орындап, оқу тәрбие жұмыстарына демеушілік әрекеттер жасалынсын. Балабақша төлемақысын уақытылы төлеп отыру.